



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2022 жылғы қараша

2022 жылғы қарашада жылдық инфляция 19,6% (қазанда – 18,8%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 24,1%-ға (қазанда – 23,1%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы 18,6%-ға (қазанда - 17,9%), ақылы қызметтер бағасы 14,1%-ға (қазанда – 13,5%) өсті.

Өңірлер бойынша бөлгенде жылдық инфляция 19 өңірде жеделдеді, ал 1 өңірде (Абай облысы) бұрынғы мәнін 19,5% деңгейінде сақтап, өзгерген жоқ. Жылдық инфляция 5 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болып шықты. Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Маңғыстау облысында (23,8%), Астана қаласында (22,6%) және Ақмола облысында (21,0%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2021 қараша – 2022 қараша), %-бен

Маңғыстау	9,4	23,8	Шығыс Қазақстан	9,2	19,3
Астана қ.	8,6	22,6	Ақтөбе	8,8	19,2
Ақмола	9,0	21,0	Жетісу		19,2
Ұлытау		20,3	Қызылорда	8,5	19,1
Қарағанды	8,9	20,2	Павлодар	8,8	19,1
Қазақстан Республикасы	8,7	19,6	Атырау	8,5	19,0
Солтүстік Қазақстан	8,8	19,6	Түркістан	9,0	19,0
Абай		19,5	Батыс Қазақстан	8,8	18,8
Алматы қ.	8,6	19,5	Қостанай	8,5	18,8
Шымкент қ.	8,3	19,5	Жамбыл	8,8	18,0
			Алматы	8,4	17,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден жоғары (ж/ж 24,1%) Маңғыстау (31,4%), Ақтөбе облысы және Шымкент қ. (25,8%), Ақмола (25,2%), Түркістан (24,7%), Солтүстік Қазақстан (24,5%), Ұлытау (24,4%), Қарағанды және Жетісу (24,2%) облыстарында қымбаттады.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы еліміз бойынша жоғары (ж/ж 18,6%) Астана қ. (28,8%), Шығыс Қазақстан (20,0%), Ақмола (19,8%), Атырау (19,5%), Қызылорда және Ұлытау (19,1%), сондай-ақ Солтүстік Қазақстан (18,7%) облыстарында өсті.

Елде **ақылы қызмет көрсету** бағасы ж/ж 14,1% өсті, бұл ретте есу Маңғыстау облысында (18,0%), Алматы қаласында және Қарағанды (16,7%-дан), Ақмола (16,1%), Ұлытау (15,9%), Абай (14,7%) және Батыс Қазақстан (14,2%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	<b>24,1</b>	<b>18,6</b>	<b>14,1</b>
Ақмола	25,2	19,8	16,1
Ақтөбе	25,8	18,3	10,8
Алматы	22,9	15,8	12,4
Атырау	23,4	19,5	12,1
Батыс Қазақстан	22,9	17,9	14,2
Жамбыл	23,7	16,9	11,1
Қарағанды	24,2	18,3	16,7
Қостанай	23,3	17,5	13,6
Қызылорда	23,6	19,1	12,5
Маңғыстау	31,4	18,6	18,0
Павлодар	23,7	18,1	13,5
Солтүстік Қазақстан	24,5	18,7	13,7
Түркістан	24,7	18,4	11,6
Шығыс Қазақстан	22,6	20,0	13,7
Астана қ.	24,1	28,8	13,8
Алматы қ.	23,5	16,7	16,7
Шымкент қ.	25,8	17,7	12,3
Абай	23,6	18,5	14,7
Жетісу	24,2	18,0	13,3
Ұлытау	24,4	19,1	15,9

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы қарашада елдегі айлық инфляция **1,4%** құрады, бұл соңғы 5 жылдағы қараша инфляциясының орташа мәнінен едәуір жоғары (2017-2021 жылдардағы 0,8%). Барлық өңірлерде баға 2022 жылғы қарашада орташа тарихи нормадан жоғары өсті. Айлық инфляцияның көп мәні Ақмола облысында (2,0%) байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы қарашадағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы қарашаның орташа мәні	2022 жылғы қараша	Өңірлер	5 жылдағы қарашаның орташа мәні	2022 жылғы қараша
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>0,8</b>	<b>1,4</b>	Түркістан	0,8	1,4
Ақмола	1,0	2,0	Шығыс Қазақстан	0,9	1,4
Павлодар	1,0	1,8	Батыс Қазақстан	0,9	1,3
Солтүстік Қазақстан	0,8	1,8	Қарағанды	0,9	1,3
Жамбыл	0,8	1,7	Маңғыстау	0,7	1,3
Ақтөбе	1,1	1,6	Алматы қ.	0,7	1,3
Астана қ.	1,1	1,6	Шымкент қ. <sup>1</sup>	0,6	1,3
Алматы	0,6	1,5	Ұлытау	-	1,2
Атырау	0,6	1,5	Абай	-	1,1
Жетісу	-	1,5	Қостанай	0,9	1,0
Қызылорда	0,8	1,4			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

<sup>1</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән